

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**



«Қош келдің, Әз -Наурыз!» мерекелік іс шарасының сценарийі



Педагог ұйымдастырушы Кукеева Ж.

2023-2024 оқу жылы

«Қош келдің, Әз -Наурыз!»

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт

- дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

I жүргізуші

Тарихи тұрғыдан алғанда, жаңа жылды тойлау 8-9 күнге жалғасып, оны «Наурызнама» деп атаған. Әрине, бұл туралы деректер ұлы философ-жазушыларымыз – Махмұд Қашғаридің, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Абай Құнанбайұлының, Мұхтар Әуезовтің еңбектерінде жазылған». Мемлекет басшысының, жарлығымен биылдан бастап Наурыз мерекесінің мәртебесі биіктеп, он күн қатарынан тойланатын болды.

II жүргізуші

Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Қазақтың ұлы даласында сан ғасырлар бойы тойланып, атадан балаға мұра болып келе жатқан күн мен түннің теңелген күнінде түбі бір түркі жұртының төл мейрамы Наурыз мерекесі құтты болсын! Бүгінгі «Қош келдің Әз -Наурыз!» атты мерекелік концертімізге қош келіпсіздер!

Қазақ биі

I жүргізуші

Жер жаһанға шуағын ала келген наурыз мейрамы елімізге береке мен құт болып дарысын. Дүниені жандандырып жарқыраған кезі ұлыстың ұлы күнімен барша адамзатты қуана құттықтаймыз.

II жүргізуші

Мерекелік құттықтау сөз кезегін мектеп директоры Орынбаева Жанил Анишовнаға беріледі.

I жүргізуші

Келіңдер Наурыз күнін қарсы алайық,
Билейік, жыр жырлайық ән салайық.
Қаһарлы қыстан өтіп Наурыз келді,
Арқанды кеңге созшы уа халайық!

Самғау» дуэтінің орындауында «Наурыз» әнін қабыл алыңыздар.

II жүргізуші

Қазақ елінде тұрып, өз жауһарларының бірі салт – дәстүрін, мәдениетін сақтай отырып, мәңгілік ұрпағына мұра етіп келеді. Өзбек ұлт өкілдерінің дәстүрін қабыл алыңыздар!

I жүргізуші

Аққар кетіп, қыс өтіп,
Шырайлы шуақ жаз жетіп,
Шаруаның бұл кенелген
Күн мейрамы ежелден,
Құтты болсын, бұл Наурыз!
Мұхаммед Салихтың орындауында «Ерке сылқым» күйі

II жүргізуші

Бір тудың астында бір үйдің бауырларындай күн кешіп жатқан өзге ұлт өкілдерінің бірі- орыс халқы. Орыс ұлт өкілдерінің дәстүрін қабыл алыңыздар!

I жүргізуші

Күй ойнайды қазағымның қанында,
Күй ойнайды қазағымның жанында.
Жүрегінің,жүрегінің,жүрегінің дүрсілі –
Күмбірлеген домбырасы барында.
Серікбай Бердиярдың орындауында «Адай» күйін қабыл алыңыздар!

II жүргізуші

Әр халықтың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрі бар. Олардың көпшілігі ерекше және қызықты. Татар ұлт өкілдерінің дәстүрін қабыл алыңыздар!

I жүргізуші

Қуаныштан желпілдейді түндігім
Бар халықтың бірлік тойы күн бүгін,
Халқым мәңгі ғұмыр кешсін бақытты,
Бір тамырмен байлап қойған кіндігін!!!
Айдай би тобының орындауында Түрік биін қабыл алыңыздар!

II жүргізуші

Ата салтым асыл -мұрам, ардағым,
Бабалардың жалғастырар арманын.
Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірім,
Өткенімді бүгінімен жалғадым.
Қазақ ұлтының дәстүрін қабыл алыңыздар!

I жүргізуші

Наурыз мейрам жүректерге нұр сепкен,
Маңдайымнан сүйіп жатыр күн көктем.
Жарығыңмен, шуағыңмен Күн-Ана,
Алып келдің жер бетіне гүл көктем.

Ерболова Балымның орындауында «Құтты болсын әз-Наурыз!» әні.

II жүргізуші

Қазағым наурызың құтты болсын
Көтерген шаңырағың биік болсын
Тілектері ұлтымның қабыл болып
Жақсылығын бір алла иіп тұрсын

Абдуғаппар Гүлсезімнің орындауында « Наурыз » әнін қабыл алыңыздар!

I жүргізуші

Осымен наурыз мейрамына арналған мерекелік іс шарамыз аяқталды. Мына
Ұлыстың Ұлы күні әрбір отбасына қуаныш, бақыт әкелсін! Ұлыс оң болсын! Ақ
мол болсын. Жанарларыңыздан жылу, жүздеріңізден күлкі кетпесін! Зейін
қойып тыңдағандарыңызға РАХМЕТ! Қош сау балыңыздар!

орай өткізілген «Қош келдің, Әз -Наурыз!» атты мерекелік концерттік іс-шараның

Анықтамасы

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Наурыз – көктем мен жаңару мерекесі. Наурыз- көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамы. Жыл өткен сайын Наурыз мейрамы елімізді мекендеген бүкіл халықтың, ұлт пен ұлыстың сағынып күтетін ортақ мерекесіне айналып, жаңа мазмұнмен, жарасымды сән – салтанатымен түрлене түсуде. Наурыз мейрамы, міне, әр үйдің, төріне бақыт құсы болып қонып, адамдарға арман мен адалдық, ал жастарға құштарлық пен сұлулық сыйлаған.

Наурыз – барша қазақстандықтардың ортақ той-думаны. Наурыз -достық пен еркіндіктің мерекесі. Наурыз –салауатты өмірдің салтанаты. Наурыз қаңқылдап қаздар келетін, қырларда қызғалдақ бүршік атып, Табиғат Ана гүл көрпеге оранатын көктем айы. Жыл сайын Наурыз мерекесі тойлануда. Дәстүр бойынша бұрын мектеп ауласында наурыз мерекесіне орай 19.03.2024 ж. күні мектебімізде педагог ұйымдастырушы Ж.Кукеева, музыка жетекшісі А.Бұзау, музыка пәнінің мұғалімі Б.Шамшиевалардың ұйымдастыруымен «Қош келдің, әз Наурыз!» атты мерекелік концерт болып өтті. Концерттің алғашқы бағдарламасын «Шашу» биімен өрбіді, ары қарай әр ұлт өкілдері өзінің салт-дәстүрінен көрініс көрсетті. Мектебіміздің өнерпаздары 5 «Ә» сынып оқушысы Асқар Ақынсара, 5 «Д» сынып оқушысы Елдос Бағдаулет, 4 «Б» сынып оқушысы Ерболова Балым әсем әндер шырқаса, «Айдай» тобы, «Ләзгі» биімен Алиева Инара ортада мың бұрала би биледі. Концертте мектеп оқушылары өздерінің өнерлерін көрсетіп, қонақтар мен мұғалімдерге, барша келген көрермендерге жоғары көңіл -күй сыйлады.



